

**Бөдене орта мектеп бойынша «Қамқоршылық кеңестің»
мүшелерімен 2023 жылы жүргізілген жұмыстар туралы мәлімет.**

Бөдене орта мектеп бойынша «Қамқоршылық кеңес» мүшелері құрылып, құрамына 9 адамнан тұратын мүше тағайындалды. Олар: Бөдене ауылдық кәсіпкер Г.Мендікенова, Бөдене ауылдық әкімдігінің бас маманы Ш.Мерғалиева, Бөдене Ата-ана М.Қалиахметов, Ж.Бимағамбетова, Индер АІБ жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің ювиналдық полиция тобының аға учаскелік полиция инспекторы А.Еркебаев, жеке кәсіпкер Р.Жумабаева, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орныбасары Л.Турганова. Хатшысы әлеуметтік педагог Г.Даутова.

«Қамқоршылық кеңес» мүшелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 қаулысын басшылыққа ала отырып, қыркүйек айында жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының 29 оқушы, 7 жетім, осы қаулының қағидаларының 1 тармағының 5 тармақшасында көрсетілген 75 білім алушы кеңес мүшелерінің хаттамасымен 40567 теңге қаржылай көмекпен қамтамасыз етілсе, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 598 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 8 тамыздағы № 544 3 тармақ 4 бөліміне сәйкес «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» бұйрығы негізінде және аудандық білім бөлімінің 2023 жылғы 01 қыркүйектегі № 06-01-06-10\1160 хатын басшылыққа алып, әлеуметтік қолдауды қажет ететін 5 – 11 сынып арасынан 24 оқушы кеңес мүшелері хаттамасымен тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

2023 жылдың 28 сәуір айында «Балдаурен-Көкшетау» демалыс орталығында 2023 жылы 3-19 маусым күндері аралығында демалатын, қойылған талаптарға (жас блогер, вайнер, тиктокер, мобиллографтар, жас суретшілер, дизанерлер, сәнгерлер, фотографиялар, қолданбалы өнер байқауларының облыстық, республикалық, халықаралық байқау – фестивальдерінің жүлдегерлері және т.б.с.с.) сәйкес 6 сыныптың оқушысы (аудан мектептер арасындағы тәртіптеме бойынша) Халин Нұрбақыт қамқоршылық кеңесінде ұсынылды.

25 мамыр күні өткен кеңесінің отырысында Ақтау қаласындағы «Айналайын» демалыс лагерінде 2023 жылы маусым –тамыз аралығында демалатын талаптарға (АӘК алатын отбасы балалар, АӘК алмайтын, бірақ күн көрісі деңгейі төмен отбасы балалар, ерекше білім беру қажет ететін оқушылар, мүгедектігі туралы анықтамасы бар оқушылар және т.с.с.) сәйкес 5-8 сыныптардың оқушы ұсыну мәселесі қаралды. Қамқоршылық кеңес мүшелері талаптарға сәйкес 10 оқушыны ұсынды.

23 маусым-14 шілде аралығындағы Алматы қаласындағы «Бөбек» сауықтыру лагеріне Қамқоршылық кеңес мүшелері талаптарға сәйкес 1 оқушыны ұсынды. Нәтижесінде Жанбулатқызы Інжу қамқоршылық кеңесінде ұсынылды.

4 тамыз күні өткен отырысында Орал қаласындағы «Атамекен» демалыс лагерінде 2023 жылы тамыз айында демалатын талаптарға (АӘК алатын отбасы балалар және тұлдыр жетім) сәйкес 5-8 сыныптардың 1 оқушысы ұсынылды. Нәтижесінде Құрмаш Азамат қамқоршылық кеңесінде ұсынылды.

20-28 тамыз аралығында өтетін Ақтөбе қаласындағы «Нефтяник» сауықтыру орталығына ауданның білім беру ұйымымыздың қамқоршылық кеңестерінің берген ұсынысы негізінде 5 оқушыны ұсынды.

Сонымен қатар 10 маусым-18 тамыз аралығындағы Елтай ауылындағы «Жас өркен» демалыс лагеріне әр ауысымда (6 ауысым) ата –аналардың өтініштері бойынша, талаптарға (әлеуметтік осал топ, "қиын оқушылар" санатындағы балалар, жартылай жетім балалар, ерекше білім беру қажет ететін оқушылар, мүгедек балалар, тұрмысы төмен және көп балалы отбасы балалар, оқу озаттары) сәйкес демалатын оқушылар қамқоршылық кеңесінде ұсынылды. Нәтижесінде мектебімізден 60 оқушы қамтылды.

«Жеке кәсіпкер «Мектепке жол акциясы» бағдарламасымен Утигалиева Гүльсара оқу құралдарымен және жеке кәсіпкер Имангалиева Айгүл мектеп формасымен көмек қолын созды .



Мектеп директоры:

А.Н.

А.Н.Тасимов